



EGEMEN QAZAQSTAN

Алаштың айбоз абызы



Қазақ әдебиеті мен мәдениетін кіреуке қардың астынан гүл атқан жауқазындай дүркірете жасартып, жаңғыртып жіберген алпысыншы жылдардағы жаңа толқынның бетбұрысты тағдыры мен талайы ұлтымыздың даму тарихында бүгіндері айтулы бір белес болып қалды. Бұл Алаштың алауын өшірмеген ғұлама қаламгер Мұхтар Әуезов сүйіншілегендей, шынтуайтында «Жыл келгендей жаңалық» еді. Осы лепті ел құлағына жеткізуге асыққан, ұлы классиктен ақ бата алуға мұрындық болған, бұл буынның тоғанакты көш керуенінің бұйдасын уысында ұстаған, сонау үш қиян тараптан, Маңғыстау түбегінен келген маңдайы жарқыраған қаршадай қара торы бала Әбіш болатын. Ғұлама Мұхтар Омарханұлының науша студент Әбіш Кекілбаевтың балауса сауалдарына жазбаша жауап беріп, «Лениншіл жас» газеті бетінде сұхбат жасауы да тұлпар болатын тайды шашасынан ұстап, кекілінен тараған кемеңгерліктің дара үлгісі, абыздық көрегендіктің сәуесі еді. Кім біледі, алып Мұқаң қаршадай балаға батасын бергенде данышпан Абайдың ұлы Әбішті «жаңаның басына» теңеген сөзі санасында жаңғырып тұрған болар?!

Абыз! Иә, бұл сөз сол ұлы Мұқаңның өзі айтқандай хафиз деген сөзден бастау алғанымен қазақтағы мағынасы ауқымды да арналы, айдынды да айбарлы. Түгел түркі жұртына Қорқыт ата, Білге Тоныкөк, Сыпыра жырау, кейінгі қазаққа Асанқайғы, Бұқар жырау бас абыз болған. Елдік сана құлдырап, бодандық қамытқа тап болған соң бұл өзгеше жосын әлсіреп, солып, елеске айналған-тын.

Азаттықтың ақ таңы сібірлеп атқанда мемлекеттігімізді нығайтып, рухани тұғырын бекемдеуге, жаңа тұрпатта заң-жарғысын түзуге даналықпен

үлес қосып, қаламгерлігі мен қайраткерлігін тәуелсіз республикамыздың гүлдену жолына сарп еткен, алғашқы Мемлекеттік хатшы, Жоғарғы Кеңестің Төрағасы лауазымын атқарған, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, классик жазушы Әбіш Кекілбаевты абыз деп атау жарасымды-ақ.

Мұндай дәрежеде елінің қалтқысыз сүйіспеншілігі мен құрметіне ие болу үшін ұлағатпен ұзақ өмір сүріп, өндіріп еңбек етудің өзі де аздық етеді. Бейнетқор қалам иесінің тоқтаусыз том-том шығарма жазып, көптің көңілінен шығып, заманның қатал сынына төтеп бере де алмайтынын кірпияз уақыт талай дәлелдеген. Осы көкжиектен қиялап Әбіш әлеміне көз қиығын салғанда қалың ел мен зиялы қауымның Әбіш Кекілбаевты заңғар биікке балай бастауында тарихи әділет пен әдемі үйлесімділік бар.

Ұлы Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» драмасындағы Нысан абыз қара қобызын күңірене шалып, замана тарапына, халқының болашағына толғанып, соқыр тұманды түре сәуе ашуы көрермен көңіліне үміт ұялатады емес пе?! Сол Мұқаңның ақ батасымен көгеріп, тәуелсіздік дәуірінің алдымызға тосқан ауыр жүгін талмай арқалап, көк тудың діңінің берік болуына рухани-саяси тұрғыдан жан-жақты тер төккен Әбіш ағаны қалайша абыз дей алмайсың?!

Көптеген қаламгер сияқты Әбіш ағаның да әдебиетке өлеңмен келгені белгілі. Ол жан түкпіріндегі сырларын, көкейіндегі көркем ойларын өлеңмен өрнектеді. Сонау студент кезінде жазған «Махамбет» поэмасы жастардың ортасында азаттық рухын шалқыта жырлауымен резонанс тудырғанымен, толығымен жариялануына шектеу салыныпты. Кемеңгер Кекілбаев келе-келе көшелі проза мен кесімді көсемсөз саласында кеңінен көсілер шаққа жеткенде өлеңді жанынан тастаған жоқ, қасиетті де киелі өнермен арасын суытқан емес. Мұқағалидың күнделігінде айтылғандай, күллі өмірін тұтас поэма түрінде өлеңмен өрнектеп кетті. Мұқағали демекші, «Мандайынан сипайтын жан таба алмай» жүрген шерлі ақынның «Қарлығашым, келдің бе?» атты жыр жинағына пікір жазып, өлеңсүйер қауымнан сүйінші сұрауы да абыз қаламгердің киелі поэзияға деген терең құрметін, адал махаббатын білдірмей ме?!

Әбіш аға бір өлеңінде:
Қолтыққа су бүріккен,
Тақымға ине жүгірткен
Елбендерге елікпе,
Желбендерге желікпе,
Түспеймін десең өртке,
Бөрлікпе де бөртпе! – деп бағзы жыраулардай тереңнен толғап сөйлейді. Бұл – абыздың бейнесі!

Ағаның аңқанды аңызға аптап кептірген елсіз, қу медиен далада тіршілік нәрі болып қарсы алдыңнан кезігер зәмзәм сулы құдық туралы «Шыңырау» өлеңі 1959 жылы жазылған екен. Осынау өлең 1969 жылдың маусым айында Ялтада басталып, шілдеде Алматыда нүктесі қойылған әйгілі «Шыңырау» повесінің әу бастағы лейтмотиві екенін аңдайсың. Кейінгі «Үркер» мен «Елең-алаң» эпопеяларының да, басқа да хикаят, романдардың

қайнар-бастауларын 60-жылдардағы «Обалар», «Қанжар», «Түйелер», «Археолог», «Бағзы бабаларға ода», «Нағашы» тәрізді өлеңдерден іздеген жөн. Өлеңдерінің өзінен суреткерлік алым, көркемдік бояу аңқып қоя беретін Әбекеңнің қай-қай шығармасы да терең талдаулар мен сауатты тәпсірлерге сұранып тұрғаны анық.

Әрине, Әбіш аға ең әуелі қара сөздің қасиетін терген жампоз жазушы. Ол «Күй» хикаяты арқылы сонау 1966 жылы әлемдік әдебиет кеңістігіне кейіннен философиялық-әлеуметтік терең мағынаға ие болған Мәңгүрт образы мен категориясын алғаш рет әкелді. Жадысы өшкен ұрпақтың, тарихы мен танымынан айырылып, өз халқына өзі жау болатын буалдыр саналы, будан буынның тақсыретін шоң Шыңғыс Айтматов 1980 жылы жариялаған «Ғасырдан да ұзақ күн» романында күллі адамзат баласына дабыл қаға жаңаша түсіндіріп-түйсіндіріп әйгілеуін ұлылар арасындағы үндестік-үйлестік деуге болады.

«Үркер» мен «Елең-алаң», «Ханша дария хикаясы», «Аңыздың ақыры» секілді шоқтықты туындыларында аңыз бен ақиқат, тарих пен шежіре өзгеше өрнекпен өріліп, кайнозой заманынан бермен ішкі сырын бүгіп үнсіз жатқан Ұлы даланың маңғаздығы мен мәрттігі, сабыры мен самарқаулығы, қаһармандығы мен қаталдығының біртұтас панорамасы жасалып, сан алуан кейіпкерлердің ішкі жан-дүниесі құм саналғандай қазыла тексеріледі емес пе?! Шыңғыс хан, Әмір Темір, Әбілқайыр үштігімен дәуірден дәуірге желі тартып, эпикалық кеңістіктің сырлы пернелерін басып, атамзаманмен сырласа алғаны ғанибет емес пе?! Кез келген шығармасындағы ұлттық қайталанбас мінез-құлық, этнографиялық бояудың дәлдігі мен дәйектілігі терең білімдарлықты ғана емес, халық өмірінің ішкі болмысына қанық болып өскен мәйектілікті танытады.

«Шыңырау» повесіндегі шөл далада адамдарға су сыйлайтын Еңсеп құдықшының Прометейлік бейнесі адам мұратының жасампаздығын көрсетеді. Шиыршық атқан шығармадан Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» туындысындағы жанкештіліктің сұлбасын танығандай боласыз. Ал «Тасбақаның шөбі» әңгімесінен тереңдігі әлемдік классиканың кез келген туындысымен тебінгі теңестіріп, қамшы қағыстыра алатын өлшем мен өрнекті табамыз. Сол сияқты «Шеткері үй», «Автомобиль» повестеріндегі дәстүр мен жаңашылдық, «Аңыздың ақыры» романындағы образдар жүйесін дараласақ, нәзік те терең психологизм, «Үркер» мен «Елең-алаң» романындағы тарихи шындық пен көркемдік шешімдер – Әбіш әлемінің келбеті даладай кең кеңістікке, теңіздей терең буырқанған сезімге, көркемдік қуат-күшке, құдіретке ие екендігін таныта алады.

Әдебиеттегі Әбіш әлемі дегеніміз ұлтының тілі, ділі, діні, тінімен үйлескен қалың еліне тарту етілген – баға жетпес қазына. Бұл – әлемдік әдебиеттің мың бояулы өрнек жібін өзінің ұлттық ой станогінде иіріп, көркемдікпен кестелеген сөз өнері. Ол Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романын, Шекспирдің «Король Лир» драмасын, Ги де Мопассанның «Өмір» романын аударып, болашақ қаламгерлік сапардағы шеберлік нақысын шыңдады. Лев Толстойдың әйгілі «Холстомері» мен өзінің

«Бәйгеторы» хикаятында, Ги де Мопассаның «Өмірі» (Жанна) мен «Шеткері үй» (Зухра) повесінде ұлылармен үндестік-тіндестік бар. Жалпы, адамзатқа ортақ көкейкесті шындықтарды ұлылар өзіне тән қайталанбас өрнекпен, ұлттық бітіммен әр қырынан сомдағанына таңданасың?!

Әбіш-абыз әдебиеттің барлық жанрында еңбек етті: поэзия, проза, көсемсөз, сын, сапарнама, тіпті ғылыми зерттеулермен арнайы айналыспаса да поэзия мен прозаның теориялық табиғатын түсіндірген қыруар құнды еңбектерді тынбай жазып, артына мол мұра қалдырды. Ал түрлі қоғамдық-мемлекеттік сұраныспен рухани-саяси іс-шаралар кезінде түйіліскен келелі мәселенің түйінін тарқатып жасаған баяндамалары, жарыссөздері, ой-толғаныстары, керек болса, табанда тауып айтқан шешендік шиырлары оны классикалық әдебиеттің өкілі ретінде атауға, жазушы деп тануға тарлық етеді. Ол – қайраткер тұлға, ақылман ойшыл, қарымды қаламгер, ғұлама-ғалым, шежіре-шешен. Ол – Сеңгірбайұлы Мұрындай төкпе жыраулардың, Абыл сынды ақтаңгер күйшілердің ақ домбырасының шанағынан төгілген эпикалық-әпсаналық інжу-маржандарды көркем прозаның көкорай сұлулығымен көмкеріп оқырманға тарту еткен, есте жоқ ықылым замандағы түркі мифологиялық кодын ұрпақ санасында тірілте алған шандоз. Ол – баяғының билеріндей саңқылдап сөйлеп кеткенде түйдек-түйдек көркем ой орамдары мен кестелі сөздері екпіні жолындағысын жайпап өтетін тау суындай ағыны қатты арынды ділмар! Оның болмысы мен бітімінің сымбат-сыры маң дала төсіндегі Үстірт сияқты оқшау болса, мінез-сезіміне буырқанған Каспийдің көкшулан толқыны мен Тұран ойпатының салқар кеңдігі тән еді. Міне, осы асыл қасиеттердің бәрібір алып тұлғаның бойында шоғырланса, алты қырлы дүр-жауһардай жарқырайды.

Қазақ қоғамының рухани өміріндегі Әбіш әлемі деген көркемдік-философиялық ғажап құбылысты бағамдау абыз суреткердің аймандайы жарқырап ортамызда жүрген шағында-ақ жүрекжарды сан тарау пікірлердің өзегіне айналғаны белгілі. Алаштың айбоз абызы туралы кезінде көрнекті ақын Жұмекен Нәжімеденов: «Ол – сегіз қырлы, бір сырлы талант. Ол – талантты ақын, талантты сыншы, талантты прозаик. Бір кісіге осының біреуі де жетер еді. Оған табиғат үшеуін де берген. «Екі кеменің құйрығы» демекші, бұл жігіт үш кеменің құйрығын ұстап келеді», – деп жазыпты. Шындығында, заңғар талант кейін «төртінші кеменің» де құйрығын ұстады. Бұл – публицистика еді. Сондықтан Әбіш Кекілбаев есімі ұлттық әдебиетімізде төрт аяғын тең басқан жампоз жазушы, төрт құбыласы түгел қабырғалы қаламгер ретінде алтын әріптермен жазылып қалды.

Әбіш Кекілбаев публицистикасы – ұлт зердесінің өлшемі. Азаттықтың ақ таңын «Ойдағымыз болды, ортамыз толды» деп тебіреніспен қарсы алған ол бостан еліміздің тұғырын бекітіп, болашағын пайымдап, тәуелсіздікті тиянақты дәріптеп насихаттау үшін саналы түрде қоғамдық өткір сұранысқа ие жүрдек жанр көсемсөзге бет бұрады. Ол расында бағзы мен бақиды жалғастырып жатқан сара жолдың үстінде бізді кеменгерлік тағылымымен сусындатып отыратын теңдессіз ұлттық құндылықтардың айнасы іспетті. Әбіш аға Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай: «Көркем ойдың,

көркем әдебиеттің көсемсөзге жол берген тұсында ол ел-жұртына үлгі беретін үрдіске қол артып, уақыт мінберіне көтерілді. Ағынан жарылды, адалынан сөйледі». Терең білім, туа бітті шешендік қасиет пен қаламгерлік қуаты публицист Әбіш Кекілбаевтың шығармаларына айрықша көркемдік дарытып, қолтаңбасын даралап тұрады.

«Мен әдебиетші болмасам, саясатқа келмес ем. Суреткер болмасам, күрескер де болмас ем» деген сөзі Әбіш Кекілбаевтың өмірлік кредосы, айнымас ақиқаты еді. Әдебиеттің басты мұратын қоғам үшін шынайы тарихи сана, халық үшін шынайы ұлттық сана, адам үшін шынайы азаматтық сана деп білген кемеңгер Кекілбаев публицистикасының басты ұстыны – елшілдік, мемлекетшілдік. Оның қайраткерлік өмір жолы мен бүтін шығармашылық қызметі осыған тұғыр болып, Тәуелсіздік мұраттарына қуатты сөзімен үн қосуына негіз салды. Сондықтан Әбіш ағаның парасатты қайраткерлігі мен публицистік қаламгерлігі – бір-бірінен ажырағысыз. Сөз бен істің бірлігінің айқын айғағы.

Адамзаттың арғы-бергі өткені кешегі күндей санасында сайрап тұрған Әбіш Кекілбаев – тарихи тақырыпта көл-көсір терең білім иесі. Оның публицистикалық шығармаларында қазіргі қазақ қоғамының мұраттары мен мақсаттары жалпы әлемдік дамудың тенденцияларымен тығыз сабақтастықта сараланады. Ұлттық тарихтың талқылы тұстары тар ауқыммен шектелмей, әрдайым күллі адамзат өркениеті кеңістігінің аясында көрініс табады. Шалқар ақыл, дана пайым арқасында ол өзінің көсемсөздік туындыларында тарихи деректер мен теориялық қисындарды шеберлікпен ұштастырады. Оның публицистикалық туындыларының байырғы жыраулардың философиялық толғауларындай ерекше құштарлықпен, бір деммен оқылуының сыры да осында.

Ол қай тарапқа, қай тақырыпқа салса да, ойы таусылмайтын, сөзден тосылмайтын, қаламының құнары қағаздың бетін нұрландырған сөз зергері болды. Оның публицистикасын жанрға жіктегенде, «саяси», «тарихи», «ғылыми», деп біржақты ат қойып, айдар тағудың өзі қиын. Себебі қайраткер-қаламгердің заманауи сөз сарайының ішінде дәуірдің барлық ой-пікір бағыты өзара тоқайласып, бір қазанда қайнап жатады.

Тәуелсіздіктің елең-алаңында «Егемен Қазақстан» газетіне басшылық жасап, оның бүгінгі атауын алуға ұйытқы болған Әбіш Кекілбаевтың 1990-2015 жылдар аралығында басылым беттерінде 144 мақаласы жарық көрген екен. Әрине, 25 жыл ішінде бұл қарымды қаламгер үшін аз болып көрінуі де мүмкін. Дегенмен, қайраткер ағаның материалдары көлемді болып келетінін және оларды үлкен мемлекеттік қызметтерде жүріп қолы қалт еткенде жазғанын ескеру керек.

Қазақ халқының байтақ руханиятында, мемлекеттік саяси-қоғамдық өмірінде Әбіш Кекілбаев намымен келіп, абыз болып аттанған даңғайыр дана уақыт пен кеңістіктерден Шалқұйрықтай құйғыта шауып, бағзы би-бабалардан бізге сарқыт болып жетті, тұлпар тұяқ дүсірімен ел санасын сілкіп оятып дүбірлетіп өтті.

Сондықтан болар, данышпан Абай ұлы Әбіш қайтқанда жазған:

«Кешегі өткен ер Әбіш
Елден бір асқан ерек-ті.
Жүрегі – жылы, бойы – құрыш,
Туысы жаннан бөлек-ті.
Өнері оның жұрт асқан,
Ғылымға көңілі зерек-ті.
Боямасыз ақ көңіл,

Кірлетпей кеткен жүректі» – деген жоқтауын бүгін алаш жұрты Әбіш-абызға айтып тұрғандай әсер қалдырады.

Біртуар аяулы тұлғаның, қолтаңбасы қайталанбайтын қадірлі абыз ағаның қадір-қасиетін қара орман халқы, егемен мемлекеті әрдайым тап басып танып, әділ бағалай білді. Ол Елбасының қолынан Алтын жұлдыз алып, Қазақстан Республикасының Еңбек Ері атанды. Бүгінгі рухани өмірімізге әсерлі әшекей берген Әбіш Кекілбаев орталығы, Әбіш Кекілбаев атындағы мектеп пен даңғыл-көше заңғар жазушының артындағы мирас пен тағылымның алаш жұртын рухани жаңғыртып, сусындата беретін сарқылмас қайнарға айналғанын айғақтайды.

Абыз туралы аңыз енді басталғандай...

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ